

Тақырып : Девиантты мінез құлық әлеуметтануы

Негізгі ұғымдар: девиация, аномия, деликвентті мінез құлық, әлеуметтік бақылау, норма, белгі тағу, ақ жағалы қылмыскер, эндоморф, экзоморф, мезоморф, асоциалды мінез құлық.

- *Девияция* сөзі латын тілінен аударғанда deviate деген сөзден шыққан. Deviate ауытқу дегенді білдіреді. Девиантты мінез құлық бұл адамның қоғамдық, топтық нормалардан ауытқыған мінез құлқы. Адамның іс әрекеті, мінез құлқы қоғамдағы нормаларға, ережелерге және одан күтілетін әрекеттерге, құндылықтарға сәйкес келмеуі.

Девиантты мінез құлықтың мәнін ашу “норма” түсінігімен байланысты. Өйткені норманы бұзған, яғни нормадан ауытқыған адамның мінез құлқы девиантты мінез құлық болып табылады.

Әлеуметтік норма бұл нақты қоғамда тарихи түрде пайда болған тұлғаның, әлеуметтік топтың немесе ұйымның шектелген іс әрекеті. Норма мінез құлықтың реттелуін қамтамасыз етеді және мінез құлыққа әлеуметтік қадағалау жасайды.

XIX ғасырдың соңында XX ғасырдың басында девиатты мінез құлықтың биологиялық және психологиялық себептерін түсіндіретін трактаттар шыға бастады. Италияндық дәрігер Ч.Ломброзо қылмыстық әрекет пен адамның биологиялық ерекшеліктері тікелей байланысты деп түсіндіреді. Американдық психолог В.Шелдон да адамның дене бітімінің маңыздылығын атап көрсетеді.

Девиантты мінез құлықты әлеуметтанулық тұрғыдан ең алғаш болып Э.Дюркгейм түсіндірді. Ол әлеуметтік және мәдени факторлардың мәнін ашатын “аномия” түсінігін ұсынды. Аномия бұл реттіліктің, заңдылықтың болмауы.

Сонымен қатар, девиантты мінез құлықты зерттеген Р. Мертон болып табылады. Р.Мертон девиацияның себебі қоғамның мәдени мақсаттары мен оған қол жеткізудің әлеуметтік қолдау тапқан құралдары арасындағы алшақтықта деп санайды. Р.Мертонның пікірі бойынша адамдар алдына мақсат қояды, сол мақсатқа жету үшін түрлі жолдарды таңдайды. Мәселен, жақсы немесе жаман жолдар. Жақсы жолмен мақсатына жете алмаған адам жаман жолмен жетуі мүмкін, бұны да девиацияның бір түріне жатқызуға болады.

Девиация түсінігі

Ч.Ломброзо,
В.Шелдон
бойынша
девиацияның
биологиялық
түсінігі

З.Фрейд бойынша
девиацияның
психологиялық
түсінігі

Э.Дюркгейм,
Р.Мертон
бойынша
девиацияның
әлеуметтанулық
түсінігі

Ч.Ломброзо
бойынша
девиациялық
қылмыстың
түрлері

Туа біткен
қылмыскер

Индивидтің
бойында
анатомиялық,
физикалық,
Психологиялық
және әлеуметтік
Аытқулар
пайда болады

Ақылынан ауысқан
қылмыскер

Психологиялық
аурулардың
кесірінен
заңды еріксіз
бұзатын
индивид

Құштарлықтан
пайда болған
қылмыскер

Эмоциялық
мінез құлық
арқылы заңды
бұзатын индивид

Кездейсоқ
қылмыскер

Ойланбай,
кездейсоқ
жағдайда заңды
бұзатын индивид

Қылмыс
керлік

Жәбірлену
шісіз
қылмыскер
лік


Маскүнем
дік

Девиатты
Мінез
құлықтың
түрлері

Ақылынан
адасқан

Өзін өзі
өлтіру

Э.Дюркгейм бойынша өзін - өзі өлтірудің түрлері



Р.Мертон бойынша девиация- ның түрлері

Конформист-
көрсетілген
девиациялар
қатарына
жатпайтын,
өзіндік нақты
алға қойған
мақсаты бар
адам

Инноватор –
қоғамдық
құндылықтард
ы
мойындайтын,
бірақ өзіндік
мақсатына
қол
жеткізбеген
адам

Ритуалист –
салт –
дәстүрлерді
негізге ала
отырып өз
іс әрекеттерін
жүзеге
асыратын
адам

Ретреат-
зандылықтар
мен құндылық
тарды
Мойындамай
өз іс әрекетін
жүзеге
асыру
арқылы
қылмыс
жасайтын адам

Бунт-
әлеуметтік
идеалдан
артта қалған,
төңкерісшіл
адам

В.Шелдон
бойынша
девиациялық
қылмыстың
түрлері

Эктоморф – экто
сырттай дегенді
білдіреді,
арық денелі,
заңды бұзуға
негізделмеген
тұлға

Эндоморф- ішкі
Дегенді білдіреді
толық денелі,
адамдармен
тіл табыса
білетін тұлға,
бірақ кездейсоқ
қылмыскер
атануы мүмкін

Мезоморф-
орташа,
аралық дегенді
білдіреді.
Шымыр денелі,
қылмысқа
бір табан
жақын тұлға

Глоссарий

- Девияция – көпшілік мойындаған ғадеттік ережелерден ауытқу;
- Аномия – қоғамдық тәртіпті ретке келтіріп тұрған ережелердің бұзылуы;
- Деликвенттілік – заң бұзушылық, қылмыс жасау;
- Әлеуметтік бақылау - әлеуметтік институттардың, мекемелердің, қоғамның сан алуан салаларының қызметіне, әлеуметтік топтар мен жеке адамдардың іс-қимылына қоғамдық мүдделер мен әлеуметтік ғұрыптар тұрғысынан баға беру және тиым салу механизмі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А.И.Икенов «Әлеуметтану негіздері»
2. Кравченко А.И “Социология”, М., 2000.
3. Тәжин М., Аяғанов Б “Әлеуметтану негіздері” А., 1993
4. Павленок П.Д. “Социология”, М.,2002
5. Булатова А., Исмағамбетов З. “Курс лекции по социологии”, А., 2002